

Шағын және орта кәсіпкерлік

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады

Қазіргі таңда Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуға көп күш жұмсалуда. Жеке кәсіпкерлерге төмен пайызбен несиелер беріліп жатыр, алайда кәсіпкерлер саны өсер түрі байқалар емес. Меніңше бұл ретте АҚШ-тың тәжірбиесіне жүгінгеніміз жөн болар, себебі бұл елде зейнет жасындағы білікті мамандардан құрылған кеңесшілер жұмыс атқарады екен. Орташа есеппен алып қарасақ 389 кеңес беру бөлімшелерінде 11400 зейнеткер жұмыс жасайды екен. Бұл дұрыс та секілді, егер біз осыны өз елімізде қолдансақ еркін кәсіпкерлер саны аратр ма еді деп ойлаймын. Өйткені қазақ халқы бұрынан көпті көргенін айтқанын жөн көретін халықпызғойю

- Қазіргі кезде үкімет жағдай жасап осы саланы көтеруге талпынып жатыр. Көптеген жеңілдіктер жасауда, мысалға соның бірі лизинг. Көпшілік қауым бұны дұрыс деп тауып жатыр. Иә, рас бұл қарапайым халық үшін тиімді шығар. Алайда оның да кемшілігі бар. Бұл бағдарлама бойынша көлік пен сайман алған ағайындарымыз өкініп қалып жатыр, себебі алынған көліктері істен шығуда. Бір ондап жұмысқа салған соң қайта сынады. Ал көліктер болса шет елдікі, демек қосалқы бөлшектер де тиісінше шет елдікі. Сол себепті жұмыстары тоқтап қалып, мемлекетке қарыздарын қайтара алмай жатқан халықтың жағдайы ауыр. Ал бұл мәселе шешімін табу үшін ел ішінде шикізат пен бөлшектерді шығара бермей өзіміздің елден шығатын өнімдер санын көбейткеніміз жөн шығар.